



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 4 (125)/2018, 92-96pp.*
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz

МРНТИ 16.21.07

Ж.Н. Алашбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: zhanna_alash@mail.ru)*

**М.Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрік” шығармасындағы
мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты**

Аннотация. Мақалада М.Қашқаридың әйгілі шығармасы «Диуани лұғат ат-түрkte» келтірілген мақал-мәтелдердің этномәдени аспектілері қарастырылған. XI ғасырдағы түркі әлеміндегі белгілі ойшыл Махмұт Қашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ еңбегінде түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті адамгершілік, әдептілік мәселелері көтеріледі. Автор халық ауыз әдебиеті игіліктерін пайдалану негізінде баяндау мәтінін ғибратты және өнегелі бағытта әрлендірген. Тәлімді ойшыл ғалымның ұстанымы ақыл-парасат арнасы сөз өнерінен, нақыл сөздерден, даналық ойлардан, ақиқаттан бастау алды. Мақал-мәтелдерді қолдану негізінде автордың ойы оқырманға жеңіл жеткізіледі және оның есінде көпке дейін сақталады. Бүгінде Махмұт Қашқаридың көптеген қанатты, нақыл сөздері ел арасына кеңінен тараған. Мақалада түрлі мақал-мәтелдерге этномәдени ракурста талдау жасалған.

Түйін сөздер: мақал-мәтелдер, М.Қашқари, «Диуани лұғат ат-түрк», ұлттық мәдениет, халық даналығы, мәдениет

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2018-125-4-92-96>

Кіріспе. Түбі бір түркі халықтары тілінің өрісін кеңейтіп, тіл білімі тарихында салыстырмалы тарихи әдісті тұңғыш рет қолданған ғұлама ғалым Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі, яғни, түркі тілі сөздігінің жинағы түркі тілінің тұтастығын білдіретін ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалып, сөздік қоры жинақталған еңбек. Ұлы ғалым, ауыз әдебиетін зерттеуші, саяхатшы және де түркі тілдерінің тұңғыш ғылыми грамматикасын жасаған Махмұд Қашқаридың Бағдат қаласында жазылған түркіше-арабша бұл сөздігі түркі тілдері бойынша ауқымды және ежелгі мұралардың қатарынан. Күллі түркі халықтарына ортақ бұл мұрада түркі халықтарының тарихы, тілі және дәстүрі бойынша мәліметтер берілген.

Мақсаты. Қазіргі кезде түркі әлеміне ортақ көне мұраларымызды зерттеу аса өзекті мәселелердің қатарында. Сондықтан да біз М.Қашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ шығармасындағы мақал-мәтелдердің этномәдени сипатын көрсетуді мақсат етіп белгіледік.

«Диуани лұғат ат-түрік», яғни, түркі тілі сөздігін отандық және шетелдік көптеген ғалымдар аударып, зерттеулер жүргізген. Олардың қатарында неміс тіліне аударған (1928 ж.) неміс ғалымы Броккельмен, осман түріктерінің тіліне аударған (1939 ж.) түрік филологы Басым Аталай, өзбек тіліне аударған (1960 ж.) ғалым С.Муталлибов және де кеңес

ғалымдары Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, А.К. Боровков, қазақ ғалымдары Ф.Оңғарсынова, А.Егеубаев сөздіктегі өлең-жырларды, мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударған.

Міндеті. Мақалада М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасындағы мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты беру; аталмыш дастандағы мақал-мәтелдердің әлеуметтік-мәдени талдауын жасау; әйгілі түркітанушылардың еңбектерін зерттеп, өзіндік пайымдау әзірлеу; келтірілген мақал-мәтелдерді жіктеу; мақал-мәтелдердің мәдени мән-мағынасын анықтау сынды міндеттер белгіленген.

Тарихы. Бұл шығарма орта ғасырдағы түркі әлеміне ортақ бірнеше мыңнан астам түркі сөздері мен жеке тайпаларға қатысты диалект сөздер бар. “Диуани лұғат ат-түрік” автор қолымен жазылған түпнұсқасы сақталмаған. Бұл еңбектің бізге жеткен жалғыз нұсқасы 1266 жылы Шам қаласында көшіріліп, 1915 жылы Стамбулда Әли Емірі ефенді тауып алған нұсқасы. Түпнұсқасы сақталмаған. Көшірме нұсқасы Стамбулдың Фатих кітапханасында сақтаулы. Бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына, тілдік, әдеби, тарихи, этногр., т.б. тұрғыдан мейлінше бай мұра екені даусыз.

Зерттеу әдістері. Махмұт Қашқаридың шығармашылығындағы этномәдени негіздерді ғылыми тұрғыда зерттеуде түркі жазбаларының, ондағы ой-пікірлердің және халық тәлімінің алатын орны, бұлардың арасындағы сабақтастықты арнайы қарастырғанды жөн көрдік.

Еңбекте кездескен үш жүзге тарта мақал-мәтелдерден-ақ әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы оның тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінен, өмірлік ұстанымдарын байқаймыз. Мұндай ерекшеліктер халықтың рухани, мәдени құндылықтарының негізін сипаттайтын этностың тілінде жақсы сақталады, тілі арқылы оның рухани-мәдени және тұрмыстық өмірінен толық ақпарат алуға болады.

Нәтижесі/Талқылау. Әрбір адам әлемді өз тілі мен мәдениетінің аясында ғана таниды, соған сәйкес дүниені әртүрлі қабылдайды. В. Гумбольдт: «Тіл халық рухының сыртқы көрінісі іспетті: тіл – халық рухы, халық рухы – тіл. Бұлардан өзге бір-біріне соншалықты етене жақын нәрсені елестетудің өзі мүмкін емес» дейді [1]. Тілдің көмегімен әрбір ұрпақ өткеннің ұлағатын ұғынады, жетілдіреді. Әрбір жетілдірілген, толықтырылған білім сан мыңдаған сөздің, паремиялардың мағыналық астарында, мазмұндық ішкі құрылымында орнығып, сақталып отырады.

М. Қашқари да тілдің құдыретін мына мақал-мәтелдермен жеткізеді: Erdem başı til (мағынасы: Әдеп – қасиет (өнер) басы тіл (МҚ, I бөлім, 394-бет). Бұл жерде «жақсы сөз», «ізгі сөз» хақында айтылған); Tilin terigige tegir (мағынасы: Тілімен дастарханға жетер (МҚ, I бөлім, 488-бет). Бұл мақал «Кісінің өнері өзінің тілінен білінеді» деген мағынада); Savın saıraqqa tegir (мағынасы: Сөз сағраққа жеткізер / шырын сөз ханның кесесінен сусын ішкізер (МҚ, I бөлім, 531-бет).

Ә.Т. Қайдар: «Этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл» [2] деп тілдің адамдар қауымдастығының этномәдени негізін құрайтынын көрсетеді. Адамзаттың ой-санасы толып, таным-түсінігі артқан сайын өзіне дейінгі материалдық және рухани мұраларды зерттеу қажеттілігі күн өткен сайын арта түседі. Бүгінде ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ойдың орамдылығы мен тілдің құнарлылығын да, материалдық және рухани қажеттіліктердің деңгейін де мәдениеттің аясына сыйғызады.

Мәдениеттің мәнін В. Воробьев былайша көрсетеді: «Мәдениет – адам өмірін реттеуші қоғамдық құбылыстың ерекше түрі; ұлттық тұлғаға, әсіресе оның ішкі рухани әлеміне деген айрықша назар; тұлғаның материалдық және рухани шығармашылық саласындағы амал-тәсілдерінің жиынтығы; материалдық және рухани құндылықтарды бөлу мен пайдалану тәсілдері; адамзаттық прогреске ықпал ететін қоғамдық қарым-қатынастар саласындағы жетістіктер» [3] десе, К. Герц «Мәдениет – тарихи жалғасым тауып, символға айналған мағыналар моделі, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан түсініктер жүйесі. Адамдар

қарым-қатынасы сол жүйенің көмегімен жүзеге асады, соның негізінде адамның өмір жайлы білімі және өмірлік ұстанымдары бекиді, дамиды» [4] деп анықтама береді.

Егер әлем, ғалам, дүние дегенді «адам және оның ортасының өзара байланысы» деп түсінетін болсақ, «дүние суреті – адам және орта туралы ақпараттардың өңделуінің нәтижесі. Ал дүниенің тілдік суреті дегеніміз – этностың әлем жайлы қордалаған білімінің, өмір сүрген ортасын игеру барысында сан ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық-мәдени тәжірибесінің тілінде көрініс табуы, бейнелеуі, шегенделіп бекуі» [5].

Тіл иесінің қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдегі мақал-мәтелдердің жиынтығынан тұратын паремиялогиялық қор – этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөлігі болып саналады. Өйткені паремиялардың, яғни мақал-мәтелдердің мазмұн мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында ұлттың сан ғасырлық қоғамдық, тарихи, мәдени тәжірибесі бекітіледі. Сондықтан да әр паремияны дүние бейнесінің кесіндісі, дүние суретінің тілдік моделі деп санауға болады. Мысалы, *Taz keliki börikşide* (мағынасы: Таздың келері бөрікші / Таздың барар жері бөрікшінің дүкені (МҚ, I бөлім, 52-бет); *Quş qanatın er atın* (мағынасы: Құс қанатымен, ер атымен (МҚ, I бөлім, 63-бет); *Tilkü öz inige ürse usuz bolur* (мағынасы: Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар (МҚ, I бөлім, 84-бет). Бұл мақал өз елін, өз жерін жамандамауға шақырады); *Öküz azaqı bolıñša buzaıu başı bolsa jig* (мағынасы: Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі (МҚ, I бөлім, 84-бет). Бұл мақал басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық дегенді білдіреді); *Erkeş eti em bolur, eškü eti jel bolur* (мағынасы: Еркеш еті ем болар, ешкі еті жел болар (МҚ, I бөлім, 125-бет); *Us üşküirse ölü* (мағынасы: Бүркіт адамға қарап ысқырса, шаңқылдаса, өлімнің алапаты деп санайды (МҚ, I бөлім, 270-бет); *Quzda qar eksümes qojda jay eksümes* (мағынасы: Құздан қар кетпес, қойдан май кетпес (МҚ, I бөлім, 384-бет); *İt şaqıı atqa tegir, at şaqıı itqa tegmes* (мағынасы: Шегір көз ит атқа теңесер, шегір көз ат итке теңелмес (МҚ, I бөлім, 420-бет). Өйткені шегір көз аттың көзі жақсы көрмейді. Бұл мақал ондай атқа жақын бармауды меңзеп айтылған); *Keriş jayıı oıulqa qalıg* (мағынасы: (аттың) арқасының жауыры ұлға қалар (МҚ, I бөлім, 426-бет). Иық-омыртқа буындары түйіске тұс болғандықтан, ол жердің жауыры тез жазылмайды. Бұл мақал сондай жауырдан сақтану керектігін меңзейді; *Böriñ ortaқ quzıunñ jııaş başında* (мағынасы: Бөрінікі ортақ, құзғындікі ағаш басында (МҚ, I бөлім, 498-бет). Құзғын бөрінікіне ортақ, өзінікін ағаш басында отырып жейді; *Supuzıanda ev bolmas, topurıanda av bolmas* (мағынасы: Молада үй болмас, тозанды жерде аң болмас) (МҚ, I бөлім, 575-бет) сияқты паремиялар қазақ даласында кездесетін аң мен құстардың түрін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар қазақ халқының аңшылық кәсібінен де хабардар етеді.

Ал *Qajnar ögüz keşiksiz bolmas* (мағынасы: Ағынды өзен өткелсіз болмас) (МҚ, I бөлім, 449-бет) мақал-мәтелдерқазақ жерінің географиялық бет-бедерінің, ой-шұңқырының сипатын танытатын болса, *Sabanda sandııř bolsa örtkünde irteş bolmas* (мағынасы: Жер жыртқанда есеп-қисап болса, қырманда даушар болмас) (МҚ, I бөлім, 462-бет) сияқты паремияларының образдық негізіне жер жырттып, егін еккен диханшы өмірі алынып, семантикалық жағынан өмірлік қағидаттар мен ситуациялық мәселелер сипатталады.

Boldaşı buzaıu ökü (мағынасы: Болар бұзау өгіз арасында-ақ белгілі) (МҚ, I бөлім, 587-бет); *Evdeki buzaıu ökü bolmas* (мағынасы: Үйдегі бұзау өгіз болмас) (МҚ, I бөлім, 505-бет); *Toqum buzub qudrıqta pişak sıma* (мағынасы: Малды (сойып) бұзып болып, құйрыққа пышақ сындырып алма) (МҚ, I бөлім, 533-бет); *Ayılda oılaq tuısa ariqda otı ün* (мағынасы: Қорада лақ туса, арықта шөп өнер) (МҚ, I бөлім, 94-бет); *Taz keliki börikşide* (мағынасы: Аңдыз (шөп) болса ат өлмес) (МҚ, I бөлім, 146-бет); *Ingan iğrasa botu bozlar* (мағынасы: Інген аңыраса, бота боздар) (МҚ, I бөлім, 150-бет) мақал-мәтелдер адамға қарата қолданылғанымен, олардың түп негізінде қазақ халқының ата кәсібі – мал шаруашылығына байланысты жинақталған ғасырлық іс-тәжірибесі жатады.

Quruу jıyaş egilmes, qurmış kiriş tügülmes (мағынасы: Қураған ағаш иілмес, қурылған кіріш (садақтың кіріші) түйілмес) (МҚ, I бөлім, 236-бет); Közegü uzun bolsa elik köjmes (мағынасы: Көсеу ұзын болса, қол күймес) (МҚ, I бөлім, 507-бет); Qoş qılış qırqa sıymas (мағынасы: Қос қылыш (бір) қынға сыймас) (МҚ, I бөлім, 415-бет) тәрізді мақал-мәтелдер еңбек құралдары атаулары сияқты тұрмыстық зат атауларының көмегімен жасалып, паремиологиялық дүние бейнесімен ұштастырады.

Қорытынды. М.Кашқаридың „Диуани лұғат ат-түрік“ шығармасындағы мақал-мәтелдерді зерттеу барысында түркология үшін көптеген деректерге қол жеткіздік. Мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеу сол кездегі адамдардың психологиялық қасиетін, ойлау қабілетін, таным-түсінігін анықтауға мүмкіндік берді. Мақал-мәтелдерде тіл иесінің этностық болмысын танытатын мағлұматтар көптеп сақталған.

Орта ғасырда жазылған бұл шығармадағы мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен өте ұқсас келеді. Адам жаратылысы, тілдік бейнелер, мал шаруашылығы, тіршілік иелеріне қатысты өмірлік тәжірибелері, тұрмысқа қатысты бұйымдар мен мүліктер әлемі екі дәуір адамдарының таным-түсінігінің, ойлау қабілетінің ұқсастығын танытады. Тіліміздегі ұлттық сипатты тануда жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеу маңызды. Ұлттың басынан өткерген жағдайлар тарих арқылы таңбаланып, халық жадында мәңгі сақталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. –М.: Прогресс, 1984. –400 с.
- 2.Қайдаров Ә.Т.Этнолингвистика\ Білім және еңбек. –1985. –№10. –Б.50.
- 3.Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. – М.: Рос. ун-та дружбы народов, 1997. – 331 с.
- 4.Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков /Пер. санг. А.Д.Шмелева, под ред. Т.В.Булыгиной.-М.: Языки русской культуры, 1999. – 780 с.
5. Н.Уәлиұлы «Фразеология және тілдік норма». – А.: РБК, 1998. –126 б.
6. Қашқари М. «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы/ Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубаев. - Алматы: Хант баспасы, 1997. –1-том, 590 б.
7. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. –А.: Ғылым, 1999. –200 б.

Ж.Н. Алашбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Этнокультурный характер пословиц и поговорок в произведении М. Кашгари «Диуани лугат ат-турк»

Аннотация. В статье рассматриваются этнокультурные аспекты пословиц и поговорок, приведенных в тексте знаменитого произведения М.Кашгари «Диуани лугат ат-турк». В работе «Диуани лугат ат-турк», известного мыслителя в тюркском мире XI века Махмут Кашгари, изучается культура общения между людьми, относящимися к различным общественным группам. Автор на основе использования достояний устного народного творчества украшал текст повествования в назидательном и поучительном ракурсе. Позиция мудрого ученого берет начало со словесного искусства, с мудрых словесных изречений, крылатых фраз, а также истины. Благодаря использованию пословиц и поговорок мысль автора легко доносится до читателя и надолго сохраняется в его памяти. Сегодня многие крылатые, выразительные слова Махмут Кашгари широко распространены среди народа. В статье сделан анализ различных пословиц и поговорок с этнокультурного ракурса.

Ключевые слова: пословицы и поговорки, М.Кашгари, «Диуани лугат ат-турк», устное народное творчество, национальная культура, народная мудрость, культура.

J.N. Alashbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**The ethno-cultural character of proverbs and sayings in the work
of M. Kashkari's "Diwan Lughat Al-Turk"**

Abstract. The article deals with the socio-cultural aspects of the proverbs and sayings that were cited in the text of the famous work of Kaşgarlı Mahmut «Divanü Lugat'it-Türk». In «Divanü Lugat'it-Türk», the work of a famous thinker in the Turkic world of the XI century Kaşgarlı Mahmut, is described the communication culture between people from different social groups. The author, on the basis of using the richness of oral folklore that adorned the text of the narrative in an instructive foreshortening. The position of the scientist starts from verbal art, wise aphoristic speech, brilliant ideas and also the truth. Through the use of proverbs and sayings, the author's thought is easily conveyed to the reader and remains in his memory for a long time. Many winged, expressive words of Kaşgarlı Mahmut are widespread among the people today. The article analyzes various proverbs and sayings from the socio-cultural perspective.

Keywords: proverbs and sayings, Kaşgarlı Mahmut, Divanü Lugat'it-Türk, folklore, national culture, folk wisdom, culture.

References

1. Gumbol'dt V. Izbrannye trudy po yazykoznaniiu [Selected works on linguistics] (Progress, Moscow, 1984).
2. Qaidarov A.T. Etnolingvistika [Ethnolinguistics], Bilim zhane enbek [Education and labor], **10**, 50(1985).
3. Vorobyov V. V. Lingvokulturologia. Teoria i metodi. [Linguistic Culturology. Theory and methods] (Peoples ' friendship University of Russia, Moscow, 1997).
4. Vejbitskaya A. Semanticheskie universalii i opisanie yazikov [Semantic universals and description of languages] (Languages of Russian culture, Moscow, 1999).
5. Yaliulu N. "Phraseology zane tildik norma" [Phraseology and language norm] (RBK, Almaty, 1998).
6. Qashqari M. Divani lugat it-turk [Dictionary of Turkic languages: (Diwani lugat it-turk) (Hunt publisher, Almaty, 1997).
7. Kishibekov D. Qazaq mentaliteti: keshe, bugin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow] (Science, Almaty, 1999).

Авторлар жайлы мәліметтер:

Алашбаева Ж.Н. – түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Жанкент көшесі 55, Астана, Қазақстан.

Alashbayeva J.N. – doctorate student of the chair of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Jankent street 55, Astana, kazakhstan.